

қалыптасуында ұлттық тәлім-тәрбие (этнопедагогика) шешуші рөл атқарады. Халықпедагогикасының негізіне ұлттық рухани, мәдени мұралар (ою-өрнек, қолөнері, ән-күй, өлең-жыр, т.б.), салт-дәстүрлер, әлеуметтік мінез-құлық нормалары кіреді. Ауыз әдебиетінің үлгілері, оның ішінде мақал-мәтел, өлең-толғау, термелер, жұмбақтар – ақыл-ойды жетілдірудің, батырлар жыры, ән-күй, терме-тақпақ – эстетикалық және ерлік рухта тәрбиелеудің, ертегілер мен аңыздар – адамгершілікмінез-құлықтар мен қарым-қатынасты қалыптастырудың құралы ретінде пайдаланылады. Ұлттық педагогика түрлерінен халықтық идеялар көрініс табады, оның мазмұнын айқындайды. Сөйтіп, жастардың бойына ізгілік, қайырымдылық, достық, батырлық, адалдық, шыншылдық, бауырмалдық, т.б. қасиеттерді сіңіреді.

ҚЫЗ БАЛАНЫҢ БОЙЫНДАҒЫ ӨТПЕЛІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚИЫНШЫЛЫҚТАР МЕН ОНЫҢ АЛДЫН-АЛУ

Шынболат Ф.Р.,

Арқалық қ., Б.Алтынсарин ат.

Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

Ғылыми жетекшісі: Бижанова Ғ.Қ.,

2001 жылғы 21 қараша қабылданған Қазақстан Республикасындағы адамгершілік-жыныстық тәрбие жөніндегі тұжырымдамада былай деп жазылған: «Қоғамның басым міндеттерінің бірі - балалардың, жасөспірімдердің және жастардың өмірі мен оқуы үшін салауатты да, қауіпсіз жағдай жасау, санаткерлік, рухани және дене күшін дамытуды қамтамасыз ету, адамгершіліктің берік негізін әрі салауатты өмір салтын қалыптастыру болып табылады.

Қазіргі уақытта республикада балалардың, жасөспірімдердің және жастардың денсаулығына және адамгершілік мінез-құлқына байланысты қолайсыз жағдай қалыптасты, олардың негізгі себептері мыналар:

- ❖ жыныстық қарым-қатынас аясында адамгершіліктің аяққа басылуы;
- ❖ денсаулықты сақтау мен нығайту жөніндегі қажетті білімнің болмауы;
- ❖ үлкендердің көмек көрсетуге қабілетсіздігі және әрбір жасөспірімнің, жастың алдында туындаған сұрақтарға жауап бере алмауы;
- ❖ жыныстық жолмен берілетін аурулар санының көбеюі;
- ❖ кәмелетке толмағандар жүктілігінің өсуі, оның салдары-аборт немесе көбінесе баладан безіну мен әлеуметтік жетімдікке, әкеліп соқтыратын жастай ана болу;
- ❖ кәмелетке толмағандардың жезөкшелігінің өсуі» [1].

Жасөспірімдердің арасында осындай қолайсыздықтарға жол бермес үшін, ең алдымен жасөспірімдердің ағзасында болып жтқан өзгерістерді анықтап, балаға психологиялық көмек бере алу қажет.

Жас баланың есейіп, ересек болатын кезеңін өтпелі жас немесе пубертаттық деп атайды. Мүмкін, осы уақытта қыз баланың бойында жүріп жатқан өзгерістер оған түсініксіз болып оны абыржытқанымен, бұл сәтте қыз баланың өз-өзіне деген қанағаттанушылық, мақтаныш сезімі бойына ұялап, барлығын өзі шешетіндей болады. Бүкіл ағзасы қалай жұмыс атқаратындығын білсе, ол өзімен жақсы күресуге мүмкіндік берер еді. Өзінің құрдастарында да, бұл өзгеріс болатынын білуі көп нәрсеге көмектеседі.

Өтпелі кезеңінің шектері шамамен балалардың орта мектептің V-VIII сыныптарында оқитын кезеңімен сәйкес келеді де, 11-12 жастан 14-15 жасқа дейінгі арлықты қамтиды, бірақ өтпелі кезеңнің іс жүзінде басталуы V сыныпқа өсумен тура келмей, бір жыл ерте, не кеш болуы мүмкін.

Өтпелі кезең жеткіншек жас кезеңінен басталады. Баланың дамуындағы ерекше орны, оны «өтпелі, бетбұрыс, қиын, сыналатын» кезең деген атауларда бейнеленген. Бұл атауларда

осы жас кезеңінде болатын, өмірдің бір дәуірінен екіншісіне өтуімен байланысты даму процесінің күрделілігі мен маңыздылығы айтылған. Оның барлығы осы жас кезеңінде жүретін психофизиологиялық процесстермен байланысты. Бұл жас аралығында бала ағзасы дамуының бір сатысынан екінші сатысына өтіп, ал әлеуметтік статусы бойынша олар әлі балалық шақта жүрген кезең. Балалық шақтан ересектікке өту, осы кезеңдегі дене, ақыл-ой, адамгершілік, әлеуметтік дамудың барлық жақтарының негізгі мазмұны мен өзіне тән ерекшелігі болып табылады. Барлық бағыттарда сапалық жаңа құрылымдар қалыптасады, организмнің сана-сезімінің, үлкендермен және жолдастарымен қарым-қатынасын, олармен әлеуметтік өзара іс-әрекет әдістерінің, мүдделердің, танымдық және оқу іс әрекетінің, мінез-құлыққа, іс-әрекет пен қарым-қатынасқа арқау болатын, моральдық-этикалық нормалар мазмұнының қайта құрылуы нәтижесінде ересектік элементтері пайда болады. Психологияда мұндай құбылыс даму дағдарысы деп аталады. Жеткіншектердің дене мүшелерінің дамуында да үлкен үйлеспеушілік орын алады. Мәселен, олардың аяқ-қолдары, бет-мойыны тез ұзарады да, кеудесінің өсуі, бұлшық еттерінің ұзаруы кешеуілдейді. Дене мүшелерінің бір келкі дамымауы салдарынан жеткіншекте «өзін жарым-жан сезінуі» деп аталатын комплекс пайда болады. Ол денесін тік ұстауға қиналып, көбінесе бүкшейіп, немесе бір жағына қисайып жүреді [2].

Жаңаның қалыптасу процесі біраз уақытқа созылады, бұл көптеген жағдайларға байланысты болады және осы себепті бүкіл жағдайда әркелкі болуы мүмкін. Мұның өзі бір жағынан жеткіншекке «балалық пен ересектіктің» қатар болуымен, ал екінші жағынан, сол бір ғана өтпелі жастағы жеткіншектерде ересектіктің түрлі жақтарының даму дәрежесіндегі елеулі айырмашылықтары болуымен анықталады. Бұл қазіргі мектеп оқушыларының өміріндегі жағдайларда екі түрлі жай сәттерінің болуымен байланысты.

Олар: 1) ересектік дамуын тежейтін жағдайлар: балалардың көбінде тұрақты және байыпты міндеттер болмай, тек оқумен ғана шұғылданып, көптеген ата-аналардың балаларды тұрмыстағы еңбектен, қиыншылықтар мен қынжылыстардан қорғаштауға, түгелдей қамқорлыққа алуға тырысуы.

2) ересектендіретін жағдайлар: мазмұны жөнінен сан алуан информацияның орасан зор тасқыны, көптеген ата-аналардың бос уақытының аздығы, осының мүмкін салдары ретінде балалардың дербестікке ерте жетуі, жолдастарымен қарым-қатынастың жедел дамуы, дене күші дамуы мен жыныстық толысудың акселерациясы.

Жеткіншек жас кезеңінде балалардың эндокриналдық жүйесі де өзгеріске ұшырайды. Гипофиздік гармондар жыныс безінің жұмысын әсерлендіріп, күшейтіп, жеткіншекті жыныстық өмірге дайындайды. Ми қабығының жасушалары жыныс гармондарының тітіркендіруіне әсерленгіш келеді. Сондықтан, жеткіншектер көп мәселелердің байыбына үңіліп жатпайды, сөзді аяғына дейін тыңдап болмастан, морт кететін қылықтары осының салдарынан туады.

Бұл жас кезеңінің ерекшеліктері:

- барлық нәрсені өз бетімен орындап, үлкендердің қамқорлығы мен ақыл-кеңесінен құтылғысы келуі;

- үйге берілген тапсырмаларды жаттап алмастан өз сөзімен түсінікті етіп айтуға тырысуы;

- үлкендерге сын көзбен қарап, олардың айтқанын сынап-мінеп, кей кезде өрескел мінез көрсетуі; жеткіншек істі игеру жағынан әлі бала болса, ал талап қою жағынан ересек, өз мүмкіндігін жоғары бағалап, бәрін өзі істей алатындай сезінуі.

Жеткіншектердің қырсық мінез көрсетуіне, ересектер талабын оңай орындамауына негіз болатын бірнеше себептер бар. Олар:

1. Балалардың оқудан басқа айналысатын шаруасының болмауы.

2. Радио, теледидар, басқа да ақпарат көздерінен ересектерге арналған хабарларды көріп, соған еліктейтіндігі.

3. Өзінен үлкен балалармен танысып, солардың жарамсыз әрекеттеріне еліктейтіндігі.

4. Күні-түні фантастикалық және криминалистикалық әдебиеттерді оқып, ондағы кейіпкерлерге еліктеуі.

5. Акцентуацияның көрініс беруі.

6. Агрессиясының анық байқалуы.

Бұл кезеңде баланың бойында бұрын қалыптасқан қасиеттерге жаңа сапалар немесе жаңа құрылымдар қосылады. Бұл құрылымдар бұрынғы психологиялық және физиологиялық көріністерге жаңа сапа беріп, олардың бір-бірімен бітісуі әлі аяқталмаған кез болғандықтан, көптеген екі жақтылық орын алады.

Жасөспірім кезең-бұл шын мәнінде адам өмірінде орын алатын және бұл кезде ол кішкентай бала да емес сонымен бірге әлі ересек те болып саналмайтын кезең. ДДСҰ (1977) мамандары физикалық, жыныстық, психологиялық және әлеуметтік дамып жетілу мерзімдерін есепке ала отырып 10-20 жас аралығындағыларды - жасөспірімдер, 15-24 жастағыларды – жастар, ал 10-нан 34 жасқа дейінгі тұлғаларды жас адамдар деп есептеуге болатын оптималды ұсыныс көрсеткен.

Жыныстық дамып жетілу кезеңдегі безеулер себебі неде деген сұраққа жауап беретін болсақ жасөспірімдерде жиі пайда болатын безеулер, гормондармен әсіресе андрогендік гормондармен шақырылады. Андрогендер-бұл еркектің жыныстық гормондары, алайда олар тек ер балалардың ғана емес сонымен бірге қыздардың да организмдерінде өндіріледі. Жыныстық дамып жетілу кезеңінде олардың деңгейі күрт жоғарылайды. Олар безеулік бөртпелердің пайда болу себептері болып табылады. Теріде бірқатар күрделі химиялық процестері мен гормондар май бездерінің жасушаларының күрт жоғарылауына әкеледі, соның салдарынан тері майының мөлшерінен артық бөлінуі жүреді. Терідегі ұсақ тесіктердің бітелуі және майдың мөлшерінен артық жиналуы нәтижесінде бактериялардың өсуі үшін өте қолайлы орта қалыптасады [3].

Өтпелі кезеңде пайда болатын ағзадағы ең маңызды өзгерістердің бірі етеккірдің келуі. Қыз баланың алғашқы етеккірі ағзаның физиологиялық ерекшелігіне қарай әртүрлі жаста келеді. Әдетте бұл кезең 12 мен 14 жас аралығы. Етеккір циклі – бұл аналық безі мен жыныстық мүшелерде белгілі бір уақыт аралығында (орташа әрбір 28 күн сайын) өтетін өзгерулер жиынтығы: әйел организмі мүмкін болатын жүктілікке дайындалуы. Етеккір мен етеккір циклін шатастыруға болмайды, ол бір етеккірдің басынан екіншісінің келуіне дейінгі уақыт аралығын көрсетеді. Етеккірдің 1-ші күні етеккір циклінің 1-ші күні деп есептеуге болады. Етеккірлер, әдетте, үнемі белгілі бір уақыт аралығында өтіп отырады, олардың ұзақтығы 21-ден 35 күнге дейін болуы мүмкін. Әрбір етеккір ұзақтығы 3-5 күнге тең және әрбір етеккір кезінде біршама қан көлемі жоғалады. Балағат жасына толған қыз анасымен сырласып үйренуі керек. Анасы қызының ағзасында орын алатын өзгерістерді түсіндіріп, етеккір белгілерінің барлығын да ескертіп отыруы керек. Мәселен, алғашқы етеккірдің белгілері 2-3 ай алдын білінеді. Мұндайда іштің төменгі бөлігі ауырады. Ауырсыну сезімі аптасына бірнеше рет қайталануы мүмкін. Сонымен қатар, жыныс мүшесінен ақшыл немесе сарғыш сұйықтық бөлінеді. Кей жағдайда бұл бөліндінің иісі болуы мүмкін. Мұндай кезде гигиеналық тазалықты өте қатаң сақтау керек. Етеккірдің келуі кезінде қыз баланың басы жиі ауырады. Көңіл күйі құбылмалы күйде болып, болмашы нәрсеге ашуланып, мінез танытуы мүмкін. Мұндайда тәрбиеші, не ата-ана оған ұрысып, жекіп тастауға асықпағаны жөн. Қыз бала бұл әрекеттің барлығын әдейі жасап жүрмегенін ескеру қажет. Эмоцияны бақылауда ұстау мүмкін емес.

Жыныстық дамып жетілу процесінде организмде мынадай өзгерістер жүреді:

- ❖ Дене өсуі арта түседі
- ❖ Дене және бет әлпеті өзгереді
- ❖ Дауыс өзгереді – төмендейді

Қыз балаларда: сыртқы жыныс мүшелерінің өсуі, қолтық асты, қасаға аймақтарында түктердің өсуі, кеудесінің өсуі, ақ жағындылардың бөліне бастауы – ақшыл түссіз сұйықтық, ол етеккірдің жақында басталатыны жөніндегі белгі.

Өтпелі кезеңде ішкі жан-дүниемізді өзіміз түсініп болмаймыз. Бұл әдеттегі өтпелі кезеңнің қиындықтарына тап болуымызбен байланысты. Осы уақыт аралығында біздердің мінез-құлқымыз бен дүниеге деген көзқарасымыз өзгереді.

Осы кезеңде жасөспірім қыз балалар өздерін қалай ұстайтыны туралы айтып көрейік. Жастарының кішкене болғанына қарамастан, боянып, құрбыларымен қидырып көргісі келеді. Мұнымен қатар сыртқы келбеттеріне көңілдері толмайды. Кей қыз парталасына ғашық болып, ешкімге айта алмағандықтан, күнделік бастайды. Би кештері, жаңа киім, достарды сынау – мұның барлығы қызық. Ата-аналар олардың жылдам өзгерісінен қорқып, әрбір басқан қадамдарын бақылауға алғысы келеді. Ал олар өз кезегінде «Мен кішкентай бала емеспін ғой!» деп қарсылық танытады. Сондықтан бала көптеген қиналыстарға ұшырайды: болашақта кім болатынын, өмірде орындайтын әлеуметтік ролін, қарым-қатынас ерекшеліктерін анықтау қажеттілігі туғанынан бала уайым шегіп, өз орнын іздейді[4].

Мектеп психологиялық қызметінің алдында тұрған күрделі проблемалардың бірі – өтпелі кезеңдегі оқушыларға дер кезінде қажетті психологиялық көмек көрсету. Мектеп психологтарының осы салада жүргізетін жұмыс мазмұнын анықтау үшін осы жас кезеңінің ерекшеліктерін және әр жеткіншектің өзінің алдында тұрған қиындықтарды білу қажет[5].

Тақырыпты қорытындылай келе осы жас кезеңінің ерекшеліктерін ата-аналар, мектеп мұғалімдері, сынып жетекшісі, басқа да жеткіншіктің айналасындағылар жақсы түсінетін болса, барынша төзімдік көрсетіп, түсінуді білдірсе, балалар жас қиындығын оңайырақ көтереді деген ойдамын. Бойжетіп келе жатқан қызбен ашық әңгімелесу оңай емес. Сондықтан бұл жағдайға барынша дайындалу керек-ақ. Әңгімені төтесінен бастамай, алдымен қыздың сабағын сұрап, құрбылары мен достары туралы да мәлімет алғыңыз сұрау қажет. Оның жақсы қасиеттерін мақтап, зор үміт күтетілетінін жасырмаған абзал. Еркелету – шолжақ етеді деген түсініктен арылу жөн. Қыз баласы еркелеткенді ұнатады. Әрдайым анасының өзіне көңіл бөлгендігін қалайды. Сондықтан қыз бала тәрбиесінде өтпелі кезеңге сәйкес, тәрбиелеуші мына жұмыстармен оның көңіл-күйін жөндеуге, реттеуге және алдын-алуға болады:

- Осы кезеңде қыз баланы барынша сырттай бақылауда ұстау қажет.
- Қыз баланы еркелете білу қажет.
- Қатты дауыс көтермей, түсіндіріп отыру абзал.
- Қыз балаға барынша жақындай түсу қажет. Құрбы ретінде сыр айтып тұру керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал. «Педагогика және оқушы психологиясы», 3(3) мамыр-маусым, 2011, 21-бет.
2. М. М. Мұқанов, «Жас және педагогикалық психология», Алматы-1982, 93-99 бет.
3. Д. Ә. Құнанбаева, «Ұйымдастырушылық мінез-құлық», Алматы-2012, 15-бет.
4. «Даму психологиясы»: «Психология» және «Педагогика және психология» мамандығының студенттеріне арналған оқу- әдістемелік құралы / құраст. Н. А. Кударова. – Павлодар: Кереку, 2012, 38-бет
5. К. Жұмасова, «Психология», Астана-2010, 73-бет